


ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-март 2023 г.

55,6
МЛРД ТГ



137,8%
ИФО

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

\$12,5
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 89%
ОТП 11%

\$613,1
МЛН




РЫНОК

\$545,7
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за янв.-фев. 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 ж. қаңтар-наурыздағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі **2023 жылғы қаңтар-наурызда 55,6 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көрінісіте 2022 жылғы осы кезеңдегі деңгейден **47,9% жоғары**. Өсу текстиль бұйымдары (+67,8%), былғары және оған жататын өнім (+37%), киім (+20,7%) өндірісінде байқалады.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2023 жылғы қаңтар-наурызда **137,8%** құрады. ФКИ өсуі текстиль бұйымдары өндірісінде (157,6%), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (107,4%), киім өндірісінде (111,7%) байқалады.

Текстиль өнімі өндірісінде (+57,6%): текстиль өнеркәсібінің төмендегі тауарлары бойынша ең жоғары өсу болды:

төсек-орын жабдығы *3,1 есе*, мақта жіп және тігін жіп *3,1 есе*, киімнен басқа, тоқылмаған материалдар және тоқылмаған материалдардан жасалған бұйымдар *2,8 есе*, кардо- және таралған мақта *97,1%*, сырылған көрпе, мамық көрпе, диван жастықтары, пуф, жастықтар, төсек қаптары *38,8% және т.б.*

Киім өндірісінде (+11,7%): осы сектордың төмендегі тауарларында ең жоғары өсу байқалады:

әйелдерге және қыз балаларға арналған костюмдер, жиынтықтар, жакеттер, көйлектер, юбкалар, юбка-шалбарлар, шалбарлар, машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж комбинезондар, шорты *82,5%*, трикотаждан басқа, іш киім *81,6%*, машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж колготкилер *77%*, әйелдерге немесе қыздарға арналған көйлектер, юбкалар және юбка-шалбарлар *74,9% және т.б.*

Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+7,4%): төмендегі тауарларда ең жоғары өсу болды: көшеге арналған аяқ киім (сандалийден басқа) және үсті резеңке мен полимер материалдардан жасалған үйге арналған аяқ киім *56,5%*, чемодандар, саквояждар, косметика мен туалет бұйымдарына арналған әйелдердің чемоданчик-сөмкелері, іс қағаздарына арналған кейстер, портфельдер, мектеп сөмкелері *41,7%*, шаңғы бәтеңкелері мен конькилерден басқа спорт аяқ киімі *1,4%*, тұтас емес ІҚМ терісінен жасалған былғары *26,7%*, үстіңгі жағы былғарыдан жасалған аяқ киім *20,1%*.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі** 2023 жылғы қаңтар-ақпанда 12,5 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңнен **0,7%** төмен. Экспорт жеткізулерді қысқарту текстиль өнімі тауарларында 38% байқалады.

Былғары және оған жататын өнім тауарлары экспортында 93,7% өсу, киім тауарларында 2 есе байқалады. Негізгі экспорт елдері: Ресей, Қытай, Тәжікстан.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі** 2023 жылғы қаңтар-ақпанда 545,7 млн АҚШ долл. құрады, бұл, осындай кезеңмен салыстырғанда 2,2 есе жоғары.

Тауарлар импорты тұтынушылық белсенділік пен кейінге қалдырылған ішкі сұраныстың қалпына келуі нәтижесінде өсуде. Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің барлық секторларында байқалады: текстиль бұйымдары (+89,7%), киім (+ 3 есе), былғары және оған жататын өнім (+68,3%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Түркия, Ресей.

2023 жылғы қаңтар-ақпанда ҚР жеңіл өнеркәсіп нарығының көлемі **613,1 млн АҚШ долл.** құрады (280,4 млрд теңге), онда ОТӨ үлесі 11%, импорт өнім үлесі – 89%.

Сала төрт өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Түркістан облысы, Шымкент қ., Алматы қ. және Ақмола облысы. Жеңіл өнеркәсіп үлесі Түркістан облысында республика өндірісінің жалпы көлемінің 28,4% құрайды. Шымкент қ. – 16,2%, Алматы қ. – 8,3% және Ақмола облысы – 5,6%.